

Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір өкімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 9 ақпандағы N 99 Өкімі
ПҰАЖ-да жариялануға тиіс (үзінді)

1) "Жоғары әскери және өзге де атақтар, сыныптық шендер жөніндегі комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 3 қарашадағы N 88 өкіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған өкіммен бекітілген Жоғары әскери және өзге де атақтар, сыныптық шендер жөніндегі комиссия туралы Ереженің 4-тарауының 5-тармағындағы "Мемлекеттік-құқық бөлімі" деген сөздер "Құқық қорғау және сот жүйелері мәселелері бөлімі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) "Жоғары әскери және өзге де атақтар, сыныптық шендер жөніндегі комиссияның құрамын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 18 сәуірдегі N 323 өкіміне (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 51, 671-құжат; 2005 ж., N 50, 638-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған өкіммен бекітілген Жоғары әскери және өзге де атақтар, сыныптық шендер жөніндегі комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Жұмабеков Оңалсын Исламұлы - Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі
Басшысының орынбасары, төраға,

Баймағанбетов Серік Нұртайұлы - Қазақстан Республикасы Президенті
Әкімшілігінің Құқық қорғау және сот жүйелері мәселелері бөлімінің меңгерушісі,

Орынбаев Ербол Тұрмаханұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі
Кеңсесінің Басшысы;

көрсетілген комиссия құрамынан Б.М. Имашев, М.К.Әбілхатаев, А.А.Тілеубердин
шығарылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті